

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы әлеуметтік- экономикалық даму қорытындылары және 1996 жылға арналған міндеттер туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 15 ақпан N 204

Мемлекеттік кәсіпорындарды реформалау, өндірістік инфрақұрылымдарды модерлендіру, құрылымдық-институционалдық реформаларды жалғастыру, инвестициялық белсенділікті арттырудың ынталандырмаларын құру жөніндегі салалық және аймақтық басқару органдарының жұмыстарын жандандыру, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік саясатын күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және өзге де орталық атқарушы органдарының басшылары, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері 10 күн мерзім ішінде 1995 жылғы шаруашылық қызмет қорытындыларын қарасын, түйінді проблемалар мен оларды шешу жөніндегі шараларды айқындасын. Бұл шараларды салалық шаралардың жан-жақты жоспарларын , орта мерзімді аймақтық бағдарламалар мен 1996 жылға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі іс-қимыл жоспарларын әзірлеген кезде ескеретін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1996-1998 жылдарда реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимыл бағдарламалары мен жоспарының жекелеген ережелерін және Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдары, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері әзірлеген тиісті құжаттарын жүзеге асыру мен нақтылау жөніндегі үйлестіруші орган болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің және өзге де орталық атқарушы органдарының басшылары, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері ай сайын келесі есеп берілетін айдың 10-на дейін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне оларға белгіленген кесте мен нысан бойынша тиісті ақпарат берсін.

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің, министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге де орталық атқарушы органдарының, облыстар мен Алматы қаласының әкімдерінің бағдарламалары мен іс-қимыл жоспарларында айқындалған іс-қимылдардың бірлігі мен мақсатты бағыттарын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық атқарушы органдары, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері 1996 жылы өндірісті тұрақтандыру мен оның өсуіне алғышарттар жасауды қамтамасыз ету жөнінде

ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларынан талап етуді күшейтсін. Мұнда баға түзуге және өндіріс шығасысын қысқартуға, қызметті қаржыландыруға бақылау жасауға ерекше назар аударсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінің орындалмауына әсер еткен себептер мен факторларға талдау жасасын. 1996 жылдың 1 наурызына бюджетке түсетін кірістерді барынша жұмылдыру, оларды жинауды жақсарту, бюджет қаражатын тиімді жұмсау жөнінде бағдарлама әзірлеп, оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

5. Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері, өзге де орталық атқарушы органдары, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері:

1996 жылдың II тоқсанында мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын әлеуметтік сала ұйымдарының құрылымы мен жүйелерін ықтималдандыруды, оларды ұстаудың нормалары мен шарттарын тиімді етуді аяқтасын және көрсетілетін ақылы қызмет көлемін арттыруға шара қабылдасын. Жұмыстың нәтижелерін 1996 жылғы 1 шілдеде Қазақстан Республикасының Үкіметіне мәлімдесін.

"Облыстар мен Алматы қаласы әкімдері аппаратының үлгілік құрылымы, олардың дербес атқарушы органдарының тізбесі, қызметкерлерінің жалпы санының лимиттері, қызметтік жеңіл автомобильдерінің саны, еңбекақы қоры және қызметтік іссапарларға арналған шығындар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 30 желтоқсандағы N 1901 қаулысының орындалуына бақылау жасауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдап, нәтижесін 1996 жылдың 1 мамырына Қазақстан Республикасының Үкіметіне мәлімдесін.

6. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, облыстардың әкімдері 1996 жылдың көктемгі егіс жұмыстарына жер өңдейтін және егістік техникалық дер кезінде әзірлеу жөнінде түпкілікті шаралар қабылдасын.

7. Қазақстан Республикасының Әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Экономика және Қаржы министрліктерімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорын қолдауға және кәсіпорындар мен ұйымдардың қаражат аудару жөніндегі берешектерін жоюға бағытталған шаралар әзірлесін.

8. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен, Өнеркәсіп және сауда министрлігімен, Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесіп бюджет есебінен ұсталатын ұйымдарда ресурстарды үнемді пайдалану мақсатында өлшеу және ресурс үнемдеуші приборлар мен тетіктерді енгізу жөніндегі шаралардың кестесін әзірлеп, бекітсін. Осы мәселе жөнінде 1996 жылдың 1 сәуірінен бастап тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі екі ай

мерзім ішінде фермерлік шаруашылық ұйымдастырушы мемлекеттік кәсіпорындар қызметкерлеріне және жеке тұлғаларға қайта құрылған және таратылған мемлекеттік кәсіпорындардың өндірістік үй-жайлары мен жабдықтарын беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімдерінің жобасын әзірлесін.

10. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі және Экономика министрлігі екі ай мерзім ішінде көмір өндіру көлемін, осы саланы дамытудың мақсатқа сәйкестілігін ескеріп, тиімді ету және айналадағы ортаны қорғау жөнінде ұсыныс әзірлесін.

11. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті Қазақстан Республикасының мүдделі министрліктерімен және өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп 1996 жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде халық тұтынатын тауарлар сатып алу үшін Қазақстан Республикасы мен облыс

әкімдерінің кепілдігімен тартылған шетел кредиттерін пайдаланудың дұрыстығын, тиімділігін және мақсатқа сәйкестігін тексеруді ұйымдастырсын. Тексеру нәтижелері туралы Үкіметке 1996 жылдың 1 мамырына мәлімдесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі